

Е. Маралбек *

Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Алматы, Қазақстан

*E-mail: elahau@mail.ru

ЕЛДЕС ОМАРҰЛЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ МҰРАСЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚАЗАҚ ТІЛТАНЫМЫНДАҒЫ ОРНЫ МЕН ҮЛЕСІ

Аннотация. Мақалада XX ғасыр басындағы көрнекті алаш қайраткері, ғалым, физик, математик, аудармашы, талантты лингвист, қазақ тіл білімінің негізін қалаушылардың бірі Елдес Омарұлының ғылыми мұрасын талдау негізінде қазақ тілтанымы мен ғылыми ойының дамуына қосқан үлесі баяндалады. Ғалымның XX ғасырдың 20-30 жылдар аралығында жазған тарих, аударма, оқу әдістемесі және физика, математика сияқты жаратылыстану ғылымы мен тіл білімінің көптеген салаларына байланысты, жалпы көлемі 5-6 том болатын ғылыми еңбектері толық қарастырылып, ондағы маңызды мәселелер мен өзекті тақырыптар туралы шолу жасалады. Соның нәтижесінде Елдес Омарұлының қазақ ғылымының дамуына қосқан үлесіне, қазақ лингвистикасының қалыптасуына сіңірген еңбегіне баға беріледі. Әсіресе тілтанымдық мұрасы, тіл білімінің фонетика, лексика, грамматика деңгейлері мен емле (орфография), терминология, ономастика салаларына қатысты еңбектері талданады. Сондай-ақ ұстазы Ахмет Байтұрсынұлымен тіл білімі саласындағы ғылыми сабақтастығы мен өзіндік тың ізденістері салыстырыла талданып, қазақ жазуы мен емлесінің дамуына қосқан үлесі туралы нақты тұжырымдар айтылады. Бұл талдаулардың нәтижесінде бүгінгі таңдағы әліпби реформасы қарсаңында туындаған қазақ емлесінің түйткілді мәселелеріне ғалым еңбектерінен ғылыми дәйектемелер ұсынылады. Мақала «елдестанудың» дамуына өзіндік үлес қосатын, ізашар тұжырымдармен ерекшеленетін алғашқы арнайы зерттеу мақалаларының бірі. Мақалада негізінен сипаттамалы әдіс қолданылады. Тілтанымдық еңбектерін талдауда құрылымдық әдіс қолданылса, ішінара салыстырмалы әдіс қолданылады.

Тірек сөздер: Елдес Омарұлы, емле, терминология, синтаксис, аударма.

Е.Маралбек*

Институт языкознания имени Ахмета Байтұрсынова, Алматы, Казахстан

*E-mail: elahau@mail.ru

НАУЧНОЕ НАСЛЕДИЕ ЕЛДЕСА ОМАРУЛЫ, ЕГО МЕСТО И ВКЛАД В РАЗВИТИЕ КАЗАХСКОГО ЯЗЫКОЗНАНИЯ

Аннотация. В статье рассказывается вклад в развитие казахского языкознания и научной мысли на основе анализа научного наследия выдающегося деятеля Алаш начала XX века, ученого, физика, математика, переводчика, талантливого лингвиста, одного из основателей казахского языкознания Елдеса Омарулы. Научные труды ученого, написанные в период 20-30-х годов XX века, связанные со многими областями естествознания и языкознания, такими как история, перевод, методика обучения и

физика, математика, общим объемом 5-6 томов, подробно рассмотрены и освещены в них важные проблемы и актуальные темы. В результате будет дана оценка вкладу Елдеса Омарулы в развитие казахской науки, его заслуг в становлении казахской лингвистики. Особенно анализируются языкознание, его труды по фонетике, лексике, грамматике и орфографии, терминологии, ономастике. Вместе с учителем Ахметом Байтурсыновым были сопоставлены научные преемственность и оригинальные поиски в области языкознания, сделаны конкретные выводы о вкладе в развитие казахской письменности и правописания. В результате этого анализа будут представлены научные данные из трудов ученого по проблемным вопросам казахского правописания, возникшим накануне реформы алфавита на сегодняшний день. Статья является одной из первых специальных исследовательских статей, отличающихся новаторскими выводами, которые вносят свой вклад в развитие «елдесоведения». В статье в основном используется описательный метод. При анализе языковых произведений используется структурный метод, частично сравнительный.

Ключевые слова: орфография, терминология, синтаксис, перевод.

E. Maralbek*

A. Baitursynov Institute of Linguistics, Almaty, Kazakhstan

*E-mail: elahau@mail.ru

THE SCIENTIFIC HERITAGE OF ELDES OMARULY, HIS PLACE AND CONTRIBUTION TO THE DEVELOPMENT OF KAZAKH LINGUISTICS

Abstract. The article describes the contribution to the development of Kazakh linguistics and scientific thought based on the analysis of the scientific heritage of the outstanding figure of the early twentieth century Alash, scientist, physicist, mathematician, translator, talented linguist, one of the founders of Kazakh linguistics Eldes Omaruly. The scientific works of the scientist, written in the period of the 20-30s of the twentieth century, related to many areas of natural science and linguistics, such as history, translation, teaching methods and physics, mathematics, with a total volume of 5-6 volumes, are considered in detail and highlighted in them important problems and topical topics. As a result, the contribution of Eldes Omaruly to the development of Kazakh science, his merits in the formation of Kazakh linguistics will be evaluated. His linguistic heritage, works on phonetics, vocabulary, grammar and spelling, terminology, and onomastics are especially analyzed. Together with the teacher Akhmet Baitursynuly scientific continuity and original searches in the field of linguistics were compared, concrete conclusions were made about the contribution to the development of Kazakh writing and spelling. As a result of this analysis, scientific data from the scientist's works on problematic issues of Kazakh spelling that arose on the eve of the alphabet reform today will be presented. The article is one of the first special research articles distinguished by innovative conclusions that contribute to the development of "eldesovedenie". The article mainly uses a descriptive method. The structural and comparative methods are partly used in the analysis of linguistic works.

Key words: spelling, terminology, syntax, translation.

Кіріспе. Адамзат қоғамының өркеніетке қарай ілгері басуы қай заманда да өміршең идеялар мен оны тудырушы немесе жүзеге асырушы тұлғаларға тәуелді. ХІV ғасырдан

бастау алатын Еуропадағы жаңа мәдениет қозғалысы (Ренессанс) XVII ғасырға жеткенде мәдениеті артта қалған кәрікүрлықты жержүзінің өркениет ошағына айналдырды. Ренессанс деп аталған бұл дәуірдің құпиясын екі бағытта қарастыруға болады: бірінші – бұған дейін сан ғасырлар бойы жинақталған рухани, мәдени құндылықтарды жаңғырту, кәдеге жарату; екіншісі – адам ресурстарын ұтымды пайдалану. Яғни ақыл-ойдың қоғам дамуына жетекшілік рөлін арттырумен байланысты болды. Мұнымен пара-пар рухани өрлеу дәуірі қазақ тарихында да кездеседі. XIX ғасырдың екінші жартысында Абайдан бастау алатын гуманизм мен «оян қазақ» идеясы, Б.Алтынсарыұлы (Алтынсарин) шамын жаққан білім ұясы, Шыңғысұлы Шоқан (Уәлиханов) үңілген Еуропалық ғылым қазақ қоғамында өркениет шымылдығын ашып, алғашқы ұштаған негізіне айналды. Осы ұштаған негізден қуат алған XX ғасыр басындағы Алаш зиялылары қазақ қоғамында Еуропадағы Ренессанс дәуірінен кем соқпайтын рухани өрлеу дәуірін қазақ тарихының еншісіне жазды. Өткен ғасырлардағы қазақ қоғамының өркениет жолындағы осы даму сатысын ояну дәуірі, өрлеу дәуірі деп шартты түрде екі кезеңге бөлуге болады. Ояну Абай заманынан басталса, өрлеу Алаш арыстарынан басталады. Алаш мұрасы ұлттық болмыс пен ұлттық тіл, ұлт тарихымен мәдениетінің алтын қазынасы іспетті. Өйткені Алаш арыстарының ғылыми жасампаздығы қазақ руханияты өзінің тарихи негізінен тінін үзбей тұрғанда басталды.

Еуропаның Ренессанс дәуірінің көрнекті өкілдерінен ешбір кем түспейтін қазақ рухани қайраткерлерінің бірі – Омарұлы Елдес. Ғалымның жеке өмірі туған, өскен, өмір сүрген ортасы туралы деректер тәуелсіздік жылдардан бастап там-тұмдап айтыла бастады. Алайда оның мәдениет қайраткерлігі, ғалымдық тұлғасы әлі толық ашылмай келеді.

Омарұлы Елдес (Тиесов), ол – қоғам және мәдениет қайраткері, физик, математик, педагог, публицист, аудармашы, лингвист ғалым, тіл білімінің көптеген салаларымен: фонетика, жазу теориясы, емле, терминология, тілді оқыту әдістемесі, стилистика, морфология, синтаксис, соның ішінде сөйлем, сөз тіркесі синтаксисі мәселелерімен терең айналысқан біртуар ғалым. А.Байтұрсынұлының шәкірті, лингвистикалық мектебінің және Алаш зиялыларының ірі өкілі. Мұны бүгінде Омарұлы Елдестің қаламынан туған мол мұрасы көрсетіп отыр. Ғалым қысқа ғұмырындақыруар құнды мұра қалдырып, қазақ ғылыми ойының өсуіне, сауаты ашылмаған туған халқының жазу мәдениетінің қалыптасуына өлшеусіз үлес қосты. Тілге жасырынған ұлттық құндылықтар қорғау, сақтау, дамыту жолында аянбай еңбек етті.

Материал және әдістер. Ғалымның ғылыми мұралары тәуелсіздік жылдарында да соңғы кезге дейін жарық көрмеді. Бес-алты мақаласы түрліше жинақтарда кездесетіні болмаса, көпшілігі тарих қойнауына кеткен жұмбақ жазумен құлыпталып, ғылыми айналынан шығып қалды. Тек 2017 жылы ғана бір томдық жинағы жарық көрді (Омарұлы, 2017). Содан кейін біздің құрастыруымызбен 2018 жылы екі томдық шығармалар жинағы жарық көріп (Омарұлы, 2018а), ғалымның ең көп, белшешіп айналысқан ғылым саласы тіл білімі болғандықтан, бірінші томы тек тілтанымдық мұраларына арналды. Мұнда 1923-1936 жылдары жарық көрген 31 мақаласы мен «Синтаксис жаттықтырғыш» кітабы енді. Екінші томына «Жер заңы», «Ақы заңы», «Лениннің ұлт мәселесі тақырыпты сөзі» атты аудармалары енді. Ал осы екі томдықтың жалғасы ретінде шығару жоспарланған өзге еңбектері 2018 жылдың соңында үш том болып өзге құрастырушылар тарапынан жарыққа шықты (Омарұлы, 2018б). Қазіргі таңда Елдестің ғылыми мұраларын зерттеудің басты материалдық дереккөздері – аталған еңбектер.

Бұл еңбектерді зерттеуде біздің мақсатымызға сәйкес зерттеу әдістері қолданылды. Ең әуелі Елдес Омарұлының барлық еңбектері тақырыптық және ғылым салаларына байланысты бірнеше топқа бөлініп, әр топтың өзіндік ерекшелігі мен қазақ тілтанымында алатын орны баяндалады. Бұл барыста қазақ тіл білімінің бірнеше әдістері қолданылады. Атап айтқанда, сипаттау әдісі Е.Омарұлы еңбектерінің жалпы өзектілігі, ғылыми-практикалық мәні, қазақ тілтанымы мен қазақ руханиятын жаңғыртудағы маңызын ашуда қолданылады. Құрылымдық әдіс ғалымның емле, терминология мәселелеріне арналған тілтанымдық еңбектерін талдауда қолданылады. Нәтижесінде ғалым еңбектерінің тақырыптық ерекшелігі мен мазмұндық жүйесі, қазақ жазуы мен терминологиясын дамытуға қосқан үлесі және оның ғылыми негізі анықталады.

Әдебиетке шолу. Елдес Омарұлы халық жауы ретінде атылғаннан кейін еңбектерін пайдалануға және зерттеуге тыйым салынды. Ақталғаннан кейін, тәуелсіздік жылдарында да еңбектері соңғы жылдарға дейін кирилграфикалы қазақ жазуымен қайта жарыққа шықпай келді. Бұл «Елдестанудың» дамуына айтарлықтай тежеу болды. Ертеректе түрлі жинақтардың ішінде кирил қарпіне шала аударылған бірлі-жарлы мақалаларына ғылыми әдебиет ретінде сілтемелер жасалғанымен, ғалым еңбектері мақала және көлемді еңбек түрінде арнайы зерттелмеді. Десе де 2019 жылы Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында Елдес Омарұлына арналған конференция өтіп, жинағы жарық көрді (Өркениеттің түпқазығы – жазу, 2019). Жинаққа Елдес мұрасын қарастырып жүрген ғалым А.Шаяхмет пен бірнеше әдебиетшілердің шолу мақаласы енді. Ғалым мұраларын жан-жақты қарастырған отандық ғылыми еңбектер жоқтың қасы болғанда, шетелдік авторларға Елдес есімі мүлде бейтаныс деуге болады.

Нәтижелер және талқылау. Өз заманында жоғары бағаланып, қазақ ғылыми ойына қозғау салған ғалым мұрасын санамалау, түгендеу бар да, оның ғылыми мән-маңызын саралау бар. Яғни еңбектерқазақ руханиятының қандай мұқтаждығынан туды және сол кезеңде бергені қайсы, бүгінге берері қайсы, болашаққа бермегі қайсы деген мәселеге саяды. Біз Е.Омарұлының ғылыми мұрасын тақырыптық, мазмұндық ерекшелігі жағынан мынадай төрт топқа бөлеміз: 1) *тілтанымдық еңбектері*; 2) *саяси-заңнамалық аудармалары*; 3) *жаратылыстану бағытындағы еңбектері*; 4) *оқу-әдістемелік құралдар*.

Елдес Омарұлы мұрасының бүгінге берері, әрине мол. «Рухани жаңғыру» деген сөздің өзі беті жабық ұлттық мүдде, ұлттық құндылықтарға оралу деген сөз. Еуропада «ұлт» ұғымының қалыптасып, ұлтшылдық танымның бой көтеруі осы Ренессанстың жемісі. Бұл XIX-XX ғасырға жеткенде асқынып, теріс бағыт ала бастағаны белгілі. Ал Алаш арыстары ұлттық мүддеге тек туған халқын теңдікке жеткізу мақсатында келді. Бұған Дулатұлы Міржақыптың: «Бізді ұлтшыл қылған нәрсе – кемдікте, қорлықта жүргеніміз, көрінгеннен соққы жегеніміз еді» деуі де дәлел (Дулатұлы, 1921).

XX ғасыр басындағы өрлеу кезеңі, дәл бүгінгідей «Рухани жаңғыру» деп аталмағанымен, нағыз «Рухани жаңғыру» сол кезеңде басталды. Алаш зиялылары дәстүрлі көшпенділер мәдениетінің кейбір тұстарын, ең қажетті құндылықтарын сақтай отырып, әлем көшіне ілесу бағытын ұстанды. Соның нәтижесінде қысқа уақыт ішінде мәдениеті мен ғылымы артта қалған қазақ елін түркі жұртының көш басына шығарды. XX ғасыр басындағы атқарылған қыруар ғылыми, саяси, мәдени іс-шараларды түйіндей келгенде, Алаш арыстарының қазақ қоғамын жаңғырту жобасымынадай бағыттарда жүргізілді:

1) Саяси бостандық алу жолындағы күрес;

- 2) Экономиканы дамыту;
- 3) Ғылымды дамыту;
- 4) Тіл мен жазу мәселесін жүйеге келтіру мен қолданылу аясын кеңейту;
- 5) Білім беру ісін ілгері бастыру және жеделдету
- 6) Тарих пен рухани-мәдени құндылықтарды түгендеу;
- 7) Әдебиет, өнер саласын дамыту т.б.;

Баспа былай тұрсын, жазудың өзі қара халыққа кең жайылмаған қазақ даласында тек 1910-1926 жылдар аралығында 300-ге тарта кітап баспа бетін көруі мұның айқын дәлелі. Бұл құнды мұралардың қатарынан Омарұлы Елдестің еңбектері де ойып орын алады. Жоғарыда аталған бағыттардың көпшілігі Елдес мұрасынан көрініс тапты. Ғалым ХХ ғасыр басындағы қазақ қоғамын жаңғырту ісіне мынадай төрт бағытта тікелей атсалысты: 1) білім беру; 2) ғылыми зерттеу; 3) тарихи, мәдени құндылықтарды түгендеу; 4) тілдік реформа.

Бірінші, Елдес білім беру ісіне ертеден-ақ атсалысты. Алашорда Үкіметі күшпен таратылып, Кеңес үкіметі орнағаннан кейін білім саласына біржола бетбұрады. 1920-1922, 1925 жылдары Орынбордағы Халық ағарту комиссариатында, Кеңестік Партия мектебінде, 1926-1929 жылдары Ташкент Педагогикалық институты мен Орта Азия мемлекеттік университетінде оқытушы болды. 1934-1935 жылдары Қазақ мемлекеттік медицина институтында, 1935-1937 жылдары ҚазМУ-да оқытушы болып жұмыс істейді. Осы жылдарда көптеген ғылыми кадрлар мен шәкірттерді даярлады.

Екінші, ғылым саласында тілтанымдық және жаратылыстану бағытында ғылыми-теориялық оқулықтар, кітаптар, мақалалар жазды. 1922-1925 жылдары Қазақ Халық Ағарту комиссариаты Білім ордасы жанындағы Білім кеңесі құрамында болып, жемісті еңбек етті. Бүгінде ғалымның 4 ғылыми оқулық, 5 аударма кітап, 40-тан аса ғылыми-публицистикалық мақалалары белгілі.

Үшінші, тарихи-мәдени құндылықтарды түгендеу ісінде ауыз әдебиеті мұраларын жинауға да атсалысты. Ғалымның «Қазақ тарихынан» атты көлемді зерттеу мақаласы – өте маңызды еңбектердің бірі. Мақалада ж.э.б. VIII ғасырдан бастап Қазақстан территориясында өмір сүрген арғы түріктер мен ғұндардан ХХ ғасыр басына дейінгі тарихи кезеңдерді шолу түрінде баяндайды. Мақалада «569 жылы Рум патшасына Орхон жазуымен жазылған бір хат та бар», «Қазақ хандығы 1456 жылы құрылды», «Қасым ханның тұсында қазақ саны 1 миллион» т.б. қызықты мәліметтер келтіреді. Мұндағы бастысы тарихи даталар дұрыс беріледі. Мақаланың соңғы: «Қазақ бығырамай, түгел бір жерде болса, түбінде өз алдына ел болмасқа мүмкін емес», – деп аяқталады (Омарұлы, 1923: 91). Бұдан ғалымның дербес ел болу арманы мен оған нық сенімі айқын танылады. Зиялы қауым мен қарапайым халықтың елдік санасын оятуды көздейді. М. Дулатұлының «Түрік тарихын» жазуы, М. Тынышбаевтың «Қазақ тарихын» жазуы, барлығы да өз халқына өткен тарихын танытуды, рухын көтеруді көздеуі еді.

Төртінші, тіл білімі – Елдестің ең бір бел шешіп айналысқан саласы. Ғалым тіл білімінің грамматикасы, фанетика, емле мәселелері сияқты көптеген салаларымен терең айналысты. Мұның өзі қазақ қоғамының өрлеуіне айрықша ықпал етті. Тілсіз ғылым да, мәдениет те, тіпті ұлт та болмайтыны белгілі. Осы тұрғыдан келгенде тіл мен жазудағы түйткілдерді шешу, оңтайландыру, оның ғылыми негізі мен базасын нығайту – қазақ қоғамын алаға жетелеудің, жаңғыртудың ең үлкен қадамдарының бірі. Сондықтан да Омарұлы Елдес ХХ ғасыр басында тілдік реформалардың белортасында жүрді. Ғалымның тіл саласындағы ізденістері мынадай төрт бағытта өрбіді:

- 1)Тіл білімінің теориясы (морфология, синтаксис, фонетика);
- 2)Ғылыми аударма ісі (сөз тіркесі мен сөйлем синтаксисі);
- 3)Терминология мәселесі;
- 4)Жазу реформасы (әліпби, таңба, емле, пунктуация).

XX ғасыр басында Елдес шығармаларында көтерілген бұл мәселелер бүгінгі таңда әлі декүн тәртібінен түскен жоқ. Тек тіл білімі саласында ғана емес, тұтас қазақ қоғамы үшін өзекті. Бүгінде тілдік реформаның ең бастысы саналатын латынграфикалыққа қазақ әліпбиіне көшу кезеңіндеосы аталған мәселелердің бәрі де – шешімін күтіп тұрған басты-басты түйткілдер. Яғни Кеңестік кезеңде орыс тілінің құрсауына көп ұшыраған қазақ тілін жаңа өріске шығарып, тілдегі ұлттық кодтарды, төл заңдылықтарды табу – рухани жаңғырудың бұлжымас міндеттерінің бірі. Бұл тарихи міндетті жүзеге асыруда Елдестің тілтанымдық мұрасының берері мол.

Бірінші, Омарұлы Елдес құрылымдық лингвистика мәселелерімен терең айналысты. Ең әуелі қазақ тілі фонетикасын зерттеді. Қазақ тілі дыбыстарын Ахмет Байтұрсынұлының жуан-жіңішкелігіне қарай 43 деп көрсетсе, таңабаланатын төл дыбыстарды 24 деп береді (Омарұлы, 2018: 160). Тіпті сол заманның өзінде Елдестің қатысуымен қазақ тілі дыбыстарына лабораториялық зерттеулер жүргізілді деген дерек те бар. Бұл туралы Аймауытұлы Жүсіпбек Омарұлы Елдеспен болған кезекті бір айтысында: *«Елдес Ташкендегі жоғары мектепке оқытушы болғаннан бері бұрынғыдан бетер дыбыстың түп-тұқиянын қазуға айналған көрінеді»*,– деп жазады (Аймауытұлы, 1927: 3). Е.Омарұлының фонетика саласындағы бұл зерттеулері қазақ дыбыстарын дұрыс орфограммалау үшін керек еді. Бұл бүгінге дейін қазақ-орыс дыбыстарының жұмағынан тұратын орыс-қазақ әліпбиінен төл дыбыстарымызды екшеп алып, қазақ тілінің дыбыс құрамын қалпына келтіруге септігін тигізеді.

Тіл білімі теориясына арналған зерттеулерінің ішінде айрықша айтуға тұрарлық еңбегі – «Синтаксис жаттықтырғыш». Ғалым бұл қолжазба кітабында қазақ тілінің ғылыми синтаксисінің біраз мәселелерін қаузады. Яғни қазақ тіл білімінің кейінгі жетістіктері саналатын сөйлемнің актуалды мүшеленуі, тема, рема, үйірлі мүше, предикативті қатынастар сияқты күрделі мәселелері Омарұлы Елдестің еңбектерінен жүйелі түрде бастау алады. Бүгінде қазақ лингвистикасында «сөз тіркесінің синтаксисі» мәселесі М.Балақаевтан басталады деген пікір орныққан. Міне, бұл еңбек алдағы кезеңдерде осы пікірге өзгеріс енгізетін болады. Ғалымның қазақ тілінің ғылыми синтаксисін зерттеуінің де өзіндек негізі бар. Мұндағы мақсат – қазақтың сөйлем мен сөйлеу жүйесін бұзбай, аман сақтап қалу болды. Ол бұл туралы өзі де: *«Кімен тілі бұқараның тілінен басқаланып та кетпей, елдің тілі де бұзылмай, баспасөз қызметін тиісінше атқарып, елге пайдалы болу үшін қазақша басылып шығатын кітеп, газет, журналдардың тілі қазақша болуын осы бастан алдын ала ескеріп, қам қылу керек. Сөздердің өзі де, тізілуі де қазақша болу шараларын істеу керек»*, – деп жазады (Омарұлы, 2018а: 76).Мұның бір шеті аударма ісімен ұштасып жатады.

Екінші, Е.Омарұлы ғылыми бағытта әлденеше оқулықтар жазумен қатар, аудармамен, аударма теориясымен де айналысты. «Жер заңы», «Ақы заңы», «Лениннің ұлт мәселесі тақырыпты сөздері», «Геометрия» (стереометрия) т.б. кітаптарды қазақшаға аударды. Өзге тақырыпта жазылған еңбектерінде де аударма мәселесіне жанамалай тілдік тұрғыдан келіп отырады. XX ғасыр басында қазақша да сауаты ашылмаған қара қазақ үшін орысша шыққан кітаптар, заң-жарлықтар, ғылыми әдебиеттер мүлде бейтаныс әлем болды. Бір жағы ғылым тілін қазақыландыру, екінші жағы қазақ тіліндегі ғылыми

әдебиеттердің үлес салмағын арттыру мақсатында Алаш арыстары аударма ісіне айрықша көңіл бөлді. Қараңғы халықтың заңдық білімін көтеруді де басты мақсат етті. Бұл туралы А.Байтұрсынұлы: «...Ел арасына шыға қалсаң, заң кітаптарын сұрайды. Хат танимындары оқып берейін дейді, я болмаса ақшаға сат, өзің тағы тауып аларсыңдейді. Мұндай сөз әр жерден табылып жүр. Барлық заң кітаптарын жинап, бір кітап қылып шығарса, жұрт қолдан-қолға тигізбей, тездікпен пұлы өтелемін көрінеді. Мекемені қазақыландыру керек деп жүрміз. Қазақша жүрген істі қазақша заң кітаптарымен шешіп отыру тиіс. Заң кемесереті қазақша заң кітаптарын бастырып шығарудың шарасына кіріссе тәуір болар еді», - деп жазады (Байтұрсынұлы, 1925: 2) Ел өмірі үшін аса маңызды мұндай заңнамалық құжаттарды аудару үшін екі тілді ғылыми деңгейде бірдей меңгерген Омарұлы Елдес сияқты аудармашылар қажет болды. Сондықтан да жауапкершілігі мол аударма жұмысы ғалымға сеніп тапсырылды. Алаштың ардақтысы Ө.Бөкейханның: «Елдесім де қазақ екен» деген бағасы ғалымның аударма саласындағы шеберлігіне байланысты айтылған. Жоғарыда сөз еткен Елдес шығармаларындағы қазақ тілінің ғылыми синтаксисі мәселесі осы аударма жұмысының дұрыс арнаға түсуіне қажетті қадам болды. Елбасының «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында жарық көрген «100 кітап» жобасы ХХ ғасыр басындағы қолға алынған осы аударма ісімен сәйкес келеді. Алайда мазмұны сәйкес келгенмен, жүзеге асыруда кемшін тұсы да бар. Яғни кәсіби аудармашыларды даярлауда шет тілін жетік меңгерумен қатар, қазақ тілі мен оның ғылыми синтаксисін де терең меңгерту – бүгінде ескерілмей жүрген бір іс. Біз болашақта аударма саласында Алаш қайраткерлерінің осы тәжірибесін (ғылыми синтаксис) ескеруді қажет етеді. Бұл қадам қазақ тілін ұлттық нақышта жаңғыртуға зор септігін тигізеді.

Үшінші, Елдес атсалысқан қазақ тілін жаңғыртудың тағы бір бағыты – терминология. ХХ ғасыр басында қазақ тілінің ғылыми ұғымдарын байыту, мәтінді қалыптастыру өзекті мәселелердің бірі еді, мұнда көбіне шет тілдік терминдерге тәуелділік басым болды. Сондықтан мұны шешудің бір жолы – терминдік ұғымдарға қазақтың өз тілінен балама табу, екіншісі – шет тілден қабылдау болды. Ал шетел терминдерін алудың өзі үш бағытта жүргізілді: түпнұсқа күйінде алу, тікелей аудару (калька), сындыру (икемдеп жазу). Омарұлы Елдес мұның соңғы үшінші түрін ұстанды. ХХ ғасыр басында шетел терминдерін қазақ тілінің заңдылығына бағындырып жазуға ұйғарған қаулылар мен ережелер болғанымен, кейде әркім әртүрлі жазды. Дәлірек айтқанда, шетел терминдерін игерудің нақты моделдері жасалмады. Сондықтан бір терминнің өзі қазақ тілінің заңдылығы бойынша әлденеше түрлі болып жазылды.

Көбіне кірме сөздердегі қазақ тіліне жат дыбыстарды, сөз мағынасын бұзбай отырып, мүмкіндігінше қазақ тілі дыбыстарымен алмастыру, қазақ емле ережелеріне бағындыру және халықтың ауызша игеру заңдылығына сүйену жағын негізге алды. Елдестің еңбектерінде мыңнан аса шетел аттары мен елдімекен атаулары, кісі аттары мен ұйым атаулары, шетел терминдері мен сөздер кездеседі. Бұлардың барлығын қазақ тілінің заңдылығына бағындыруға тырысқан. Ғалымның еңбектерінде қолданыс тапқан мыңнан аса шеттерминдері мен ономастикалық атаулардың қазақша икемделген нұсқаларын жинақтап, оның ғылыми принциптерін анықтадық. Бұл қысқаша мынадай:

1) Қазақ тілінде жоқ шеттілдік дыбыстарды қажетіне қарай қазақ тілі дыбыстарымен ауыстыру (Мысалы: *Абаныс [аванс], абыстыра [Австрия], Електір [электр] т.б.*);

2) Қазақ тілінің буын құрамына бағындыру (Мысалы: *Блиат [штат], Кіреміл [Кремль] т.б.*);

3) Қазақ тілінің дыбыстық құрамына қайшы келмейтін болса, орыс сөздерін айтылуынша жазу (*Мысалы: сатсыйал [социал], пырабда [Правда] т.б.*);

4) Қазақ тілінің үндестік заңына бағындыру (буын үндестігі – Түркістен [Түркістан], кемесіе [комиссия]; дыбыстардың тіркесім заңы – газет [газет], әртел [артель]) т.б.;

5) Қазақ тілінің интонациясына бағындыру (*Самара – самар, пуховый – бөкебай т.б.*)

Бұл – жалпылама айтылған негізгі принциптері ғана. «Пән сөздері тақырыпты» Елдестің баяндамасында шетел сөздерін игерудің 9 түрлі жолы көрсетіледі (Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезі, 1924).

Аталған мақалада және өзге де еңбектерінде айтылған ойларды қорытындылай келгенде, осы бес түрге жинақтауға болады. Ал кірме сөздерді игерудің нақты ішкі мадальдері көп. Бұл өз алдына сөз ететін ауқымды лингвистикалық тақырып. Оны бұл мақалада көрсету де, сыйдыру да мүмкін емес. Қазіргі латынграфикалы жаңа қазақ әліпбиіне көшу тұсында ең түйткілді мәселелердің бірі – кірме сөздердің қазақ тілінің төл заңдылығына бағындырылуы болғандықтан, Елдестің шетел терминдерін игерудегі бұл тәжірибесі осы түйінді шешудің біршама дұрыс жолын көрсетеді.

Төртінші, XX ғасырдың 20-30 жылдары қазақ тілінің емле, жазу мәселесі Омарұлы Елдестің меншікті тақырыптарының бірі болды. Ахмет Байтұрсынұлы ашқан қазақ тілінің көптеген заңдылықтарын қорытындылай келе, оны жазу теориясында мықтап кәдеге жататты. Ғалымның емле мәселесіне тіпті тереңдеп енгені сонша, кей тұстары А.Байтұрсынұлы да Елдес Омарұлының ғылыми тұжырымдарына айрықша назар аударып отырған. Айталық, қазақ тілінде 2-жақ жіктік жалғауының «-сын» емес, «-сын» екендігі, сөздің соңы «б» болып айтылатын сөздердің «б» емес, «п» болып жазылуы керектігі, бітеу буында «ы/і» дыбыстарының қалмай жазылу турасында А.Байтұрсынұлының тұжырымдарына түзетулер енгізді. Екі ғалымның да тұжырымының ғылыми негізі болғанымен, бүгінгі таңда қазақ емлесіндегі аталған мәселелер Елдес Омарұлының тұжырымдары бойынша орнықты.

Бүгінгі латынграфикалы жаңа қазақ әліпбиіне көшу қарсаңында да осы типтес емле түйткілдер туындап, оны шешудің түрлі жолдары ұсынылуда. Әсіресе [и/й] мен [у] дыбыстарының жазылуы, кірме сөздердің жазылуы сияқты күрмеуі қалың мәселелер күн тәртібінде тұр. Осы мәселелерді шешуде Елдес шығармаларында кәдеге жарайтын ғылыми ойлары мен принциптері жеткілікті.

Қазақ орфографиясының күрделі салаларының бірі – ономастикалық атаулардың жазылуы. Бұл – тілдің ұлттық саясатпен ұштасып жатқан арналарының бірі, соның ішінде әсіресе кісі есімдері мен жер-су атаулары. Кенестік кезеңде қазақ есімдері түгелдей орыстық маркермен ов, ев, ин, ова, ева, ина түрінде берілгені белгілі. Ал бүгінгі «Рухани жаңғыру» бағдарламасының нақты мазмұнына сәйкес қазақша кісі есімдерінің жазылуы да ұлттық сипатта болуға тиіс. Кісі есімдеріндегі бұл ұлттық бояу – ұлттың тіл мен жазудағы паспорты сияқты құбылыс. Бұл мәселе XX ғасыр басында Омарұлы Елдестің назарынан да тыс қалмады. Кісі есімдерінің ұлттық нақышпа жазылу тәртібі туралы ғалым былай дейді: «*Күшікбайұлы Мырқымбайдың асығы түгел*» деген сөйлемде «*Күшікбайұлы*» деген сөз «*Мырқымбайдың*» ғана анықтауышы болады. Сондықтан «*Мырқымбайдың*» деу қандай ерсі болса, «*Күшікбайұлы Мырқымбай*»-ды «*Мырқымбай Күшікбайұлы*» деп, анықталатын сөзді анықтауышының алдына салып сөйлеу де сондай ерсі болады» (Омарұлы, 2018: 124). Ол тағы: «*Дұрысында кісінің өз атына әкесінің атын қосып айтудың керегі жоқ. Кісінің өз атына әкесінің*

атын қосып айту, жалғыз қазақ емес, жалпы түрікте жоқ. Қазақ тілінде бірен-саран кісілердің атына, оны аттас кісілерімен қатыстырмау үшін әжесінің атын қосып айтатын орындар да болады. Бірақ ондайда әуелі әжесінің атын айтып, оған «ұлы» деген сөзді қосады да, кісінің өз атын соған жалғап айтады. Ескі әңгімелерде Жәнібек батырды «Қошқарұлы Жәнібек» дейді. Кісінің аты-жөнін жазу реті бізде де жалпы түрікше болу керек», – дейді (Омарұлы, 2018: 82). Міне, бұл – бүгінгі қазақ орфографиясын ұлттық нақышқа түсіруде ескерілуі керек ұтымды ойлардың бірі.

Омарұлы Елдеске қатысты ең соңғы айтылар тағы бір мәселе – сөз бостандығы. XX ғасыр басында қазақ зиялылары арасында сөз бостандығы, еркін ғылыми ойлау және оны ортаға салу, пікір ашықтығы шыңдап болды. Бұл – Еуропадағы Ренессанс дәуірінде адамзатқа қайтарылған құндылықтардың бірі еді. Алаш зиялылары XX ғасыр басында бұл құндылықты қазақ ғылымына да енгізе бастады. XX ғасыр басында түрлі басылымдардан Елдестің қазақ тілі дыбыстарын жіктеуге байланысты А. Байтұрсынұлымен ой жарыстырған мақалалары кездеседі. Кей ғылыми мәселелерде пікірлері ұқсас болмағанына қарамастан, екі ғалым бірін-бірі жоғары бағалап отырады. Латын, емле тақырыбында Шонанұлы Телжан, Аймауытұлы Жүсіпбекпен бітіспес қарсылас болады. Бірақ өмірде нағыз достар болды. Бір тақырыпта ой жарыстырғанмен, жеке басына, пікіріне құрметпен қарау – нағыз зиялыларға тән қасиет.

Қорытынды

Білім, ағарту майданында қызмет еткен жылдарда тіл, білім, мәдениет саласындағы ұлттық мәселелерді көп көтергендігінен болса керек, Омарұлы Елдес 1929 жылы тұтқындалады. Осы жылдардан кейін оның өмірінде қудалау басталып, 1937 жылы «халық жауы» ретінде атылғаны белгілі. Кенжелеп қалған қазақ өркениетінің ауыр жүгін арқалаған Алаштың қаранары, бір дәуірдің жарық жұлдызы қазақ руханиятын байыту мен тілтаным көкжиегін кеңейтуге айрықша үлес қосты. Атап айтқанда:

1) Елдес Омарұлы – өз заманындағы Ахмет Байтұрсынұлының тіл біліміне арналған ғылыми мұраларын ең жақсы меңгерген және оны әрі қарай дамытқан ғалым.

2) Елдес Омарұлы – тіл, білім беру, ғылым, ұлт мәдениеті, ұлт тарихы, саясат сияқты ұлт пен ұлттық мемлекет үшін ең өзекті, ең өткір салалармен қатар айналысқан аса ірі тұлға.

3) Қазақ білім беру саласына ең қажетті алғашқы бірнеше жаратылыстану оқулықтарын жазып, Ұлы даланың ғылыми танымын механика заңы мен кеңістік фигуралардың сырымен байытты.

4) Елдес Омарұлы – қазақ тілі мен әлемдік тілдердің интеграциясы тұсында ұлттық аударма саласын сан ғасырлар бойы ауызша дамыған қазақ тілінің грамматикалық құрылымы негізінде қалыптастыруды алғаш қолға алған ғылым қайраткерлерінің бірі.

5) Елдес Омарұлы қазақтың ауызша тілінің жазба тілде дұрыс кодталуына айрықша еңбек етіп, қазақ қоғамының сауаттануына үлкен үлес қосты.

6) Елдес Омарұлы – дәстүрлі қазақ қоғамын заманауи қазақ қоғамына айналдыратын адам капиталын тәрбиелеген ұлағатты ұстаз.

7) Елдес Омарұлы өзі ұсынған ұлттық терминдер арқылы қазақ ғылыми танымын ұлттық таным негізінде байытып, қазақ тілінің ғылыми базасының қалыптасуына үлес қосты.

Омарұлы Елдестің ғылыми мұраларының маңызын бірер мақала көлемінде ашып

беру мүмкін емес. Ақтық демі қалғанша ұлттық мүддеден айнымаған, ұлты үшін бар күш-жігерін сарқа жұмсаған Алаштың біртуар азаматы қаламынан туған ғылыми мұраның қазақ руханиятына берері әлі де мол.

ӘДЕБИЕТТЕР

- Омарұлы Е. (2017) Шығармалары. / Құраст. М.Шуақиев, А.Шаяхмет. – Астана: Фолиант. – 418 б.
- Омарұлы Е. (2018) Көптомдық шығармалар жинағы // Құрастырушы – Е.Маралбек. – Алматы: «Лұғат» қоғамдық қоры. –1-2 т.
- Омарұлы Е. (2018) Үш томдық шығармалар жинағы / Елдес Омарұлы. – Астана: «Алашорда» Қоғамдық қоры.
- Өркениеттің түп қазығы – жазу (2019) – Алматы: «Қазақ кітабы». – 258 б.
- Дулатұлы М. (1921) Қазақ зиялылары // «Ақ жол» газеті, 5 мамыр. - №55.
- Омарұлы Е. (1923) Қазақ тарихынан // Қазақ календары. - 80-91 бб.
- Аймауытұлы Ж. (1927) Емле, әріп жайынан // Еңбекші қазақ газеті. - №93 (821), 2-3 б.
- Байтұрсынұлы А. (1925) Заң кітабы керек // Еңбекші қазақ.
- Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезі (1924). – Орынбор: Қазмембас. – 118 б.

REFERENCES

- Aimauytuly ZH. (1927) Emle, arip zhainan [Spelling, about letters]. Enbekshi kazak gazeti. [Enbekshi Kazakh newspaper], №93 (821), 3. [in Kazakh]
- Baitursynuly A. (2013) Zan kitabykerek [We need a law book]. «Қазақ» gazeti [«Kazakh» newspaper], №35, 4. [in Kazakh]
- Dulatuly M. (1921) Qazaqzialylary [Kazakh intellectuals] (Aqzhol [«Whiteroad» newspaper], №55, May 5. [in Kazakh].
- Kazak bilimpardarynyn tungysh siezi [The first congress of Kazakh scientists]. (Kazmembas, Orynbor, 1924, 118 p.) [in Kazakh]
- Omaruly E. (2018) Koptomdyk shygarmalar zhinagy [Collection of multi-volume works] / Comp.: E. Maralbek. (1923) Vol.1. (Lugat, Almaty. – 300 p.) [in Kazakh]
- Omaruly E. Qazaq tarihyan [From Kazakh history] (Qazaqkalendar [Kazakh calendars, 80-91 pp.) [in Kazakh]
- Omaruly E. (2017) Shygarmalary [works] / Comp.: M. Shuakaev, A. Shaiakhmet. (Foliant, Astana. – 418 p.) [in Kazakh]
- Omaruly E. (2018) Ush tomdyk shygarmalar zhinagy [Collection of works in three volumes] / Eldes Omaruly (Alashorda Public Foundation, Astana) [in Kazakh].
- Orkeniетtin tup qazygy jazw (2019) – [The cornerstone of civilization is writing]. (Qazaq kitaby [Kazakh book], Almaty.– 258 p.) [in Kazakh].